



Аты-жөні: *Бітіс Гүлнұр Елибекқызы*
Туған жылы: *23.06.2000ж.*
Жасы: *16*
Мекен-жайы: *Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Уәлиханов к. 7-31*
Мектебі: *№6 Хромтау гимназиясы*
Ұлты: *қазақ*
Қызығушылығы: *кітап оқу, тәттілер пісіру*
Сынып жетекшісі: *Керимова Гүлжазира Есенбекқызы*

Елбасыға хат

«Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.»

Абай Құнанбайұлы

Әр адам – өз халқының, өз елінің және бүкіл адамзаттың перзенті. Әрбір адамның өзінің үлкен Отанынан басқа іңгәләп дүние есігін ашқан, кіндігі кесілгенде тамған қаны осы топырақпен мәңгілік бауырластарын кіші отаны – туған жері болады.

Құрметті мейірімді жүзінен нұр төгілген, күлкісі шуақ шашқан, халқы үшін сәулесін төгіп тұратын Нұрсұлтан ата! Мынау бір бет қағазға жұдырықтай толқыған жүрегімнен шыққан сізге айтылған бейнелі сөздер қанша айтылса да жетпейді ғой! Әрбір елдің, халықтың бір дәуірлерде қайта тулеуіне, жаңғыру кезеңіне себепкер тарихи ұлы тұлғалар болады. Мысалы, түріктер үшін – Кемал Ататүрік, үнділер үшін – Махатма Ганди. Олардың бірі тарихтан өшіп кетудің алдында тұрған халқын қайта қайта түлетсе, екіншісі отаршылар езгісінде тапталған қалың бұқараның еңсесін көтереді. Ал біздің қазақтан дара шыққан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – сондай тұлға. Бұл-шындық.. Сіздей басшы болу, барлық мемлекеттермен іскерлік қарым-қатынас жасау, халыққа қызмет көрсетіп, он жеті жарым миллион халықты басқару оңай жұмыс па? Сан алуан елдерде соғыс болып, келіспеушілік туып жатқанда, біздің елімізді бейбітшілікте нық ұстап тұрсыз. Міне, сіздің үлес қосуыңыздың арқасында тәуелсіз елде күліп-ойнап, еркін жүрміз. Осындай

ұлт бақыты үшін туған азаматтың қайраткерлігі, сезімталдығы, сезімталдығы, көрегендігі, нені қолға алса да жүз ойланып, мың толғанып шешім жасайтын қасиеті ұнайды. Сайланған күннен бастап, бүгінгі күнге дейінгі дамудың өркениеттің жолына түскен халқымыз ел өміріндегі бар жақсылықты, әр саладағы сәтті қадамдарда, Елбасы есімімен тікелей байланыстырып келеміз. Осы тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыздың өз қалауымен ел басшысын таңдауы. Сізге үлкен міндет жүктеліп, сенім артылды. Қазақ елін халықаралық аренада елу елдің қатарына еңгізіп, дамыған елдермен иық текетіресе алатындай дәрежеге жетті. Елбасының жиырма жыл ішінде еңбектерін ауыз толтырып мақтана аламыз Сіздің тізгініңіз – өз еліндегі тыныштық пен келісімді көзінің қарашығындай сақтау. Еліміздің ата заңы Конституциясы мен рәміздері өмірге келді. Тәуелсіз Отанымыздың көк жүзімен астасқан көк байрағы астында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық. Ардақты ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғаны, тұңғыш төл теңгеміздің шығуы, Семей атом полигонының жабылуы – бәрі сіздің тікелей араласуыңызбен болды. Ел ордасы болып Астана бой көтерді. Бұл қала өзінің сәулет өнері үлгілерімен, сан алуан тарихи және мәдени ескерткіштерімен, сұлулығымен әлем назарын өзіне қаратып отыр. Мұнда тамаша сәулет өнері туындылары, соның ішінде «Ақорда», «Бәйтерек», «Бейбітшілік пен келісім сарайы», «Думан» орталықтары секілді көптеген ғимараттар мен ескерткіштер орналасқан. Әсем қаламыз – Астананың жылдан-жылға көркеюіне сіздің қосқан үлесіңіз орасан зор. «ЕХРО-2017» көрмесінің Қазақстанда өтуіне ықпал еткен бір ғана Елбасымыздың сындарлы саясаты екенін білемін. Сөзі мен ісінде алшақтық жоқ саясаткер Елбасы арқасында дамушы ел ретінде алдына қойған миссияларын абыроймен орындап келеді. Ол кісі бейбітшілікті сүйетін тұлға, өз сөзінде «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол-бірлік» дегенді ұстанады. Жалпы, Елбасымыз Ұлт Көшбасшысы – қазақ ұлтына және мемлекетімізге байланысты қандай мәселені болсын, соңына дейін шешуге талпынатын табанды саясаткер. Бір қоғамнан келесі қоғамға ауысар, осындай өтпелі кезеңде маңдайына Назарбаевтай нар тұлға көшбасшы бұйырғанын Қазақстан халқы мақтан тұту керек. Міне, сондықтан да мен сізді еліміздің ең басты тұлғасы деп есептеймін. Сіздің өте әділетті, адал болып, сол арқылы халық сүйіспеншілігіне бөленгенізді көріп, сол мадақтау сөздерге әбден лайық екеніңізді байқаймын. Соны көріп отырып, мен де сіз секілді сыйлы, құрметті, халық үшін барлығын істейтін азаматтардың бірі болғым келіп тұрады. Сізге мың алғыс!

Сәлеммен, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, №6 Хромтау гимназиясының 11-сынып білім алушысы, «Алтын белгі» үміткері
Бітіс Гүлнұр Елебекқызы 12.12.2016 жыл.